

«Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжі» МКҚК

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілген жиын

№3 ХАТТАМАСЫ

Түркістане қаласы

«28» шілде 2023 ж

Төраға: Т.Р.Пазылов

Хатшы: А.С.Байжанова

Қатысқандар: 10 адам.

Күн тәртібі:

- 1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру.**

Жұмыс тобының жетекшісі: Т.Р.Пазылов

- 2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан талдамалық анықтаманы талдау**

Жиын мүшелері

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша жұмысшы тобының жетекшісі Т.Р.Пазылов Ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады.

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5- тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығы негізінде колледж директорының 2023 жылғы 30 маусым №60-н бұйрығына сәйкес «Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер колледжі» МКҚК-на сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 07 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарлады. Ішкі талдау төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Басқару және ұйымдастырушылық қызметті зерделеу;
2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
3. Білім беру қызметін, әлеуметтік –тәрбие қызметін зерделеу және

жүргізілген іс шаралар есебі;

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Қамтылған бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған жоқ.

Қамқоршылық кеңес құрамының мүшесі М.Жанабаев өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын, ішінде орын алған тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол берілмеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасағанын сонымен қатар жұмыс тобының атқарып жатқан жұмысын құптарлық деп тапты. Осы мәселе бойынша сөзге қосылған ата-аналар комитетінің мүшесі А.Орынбасарова сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар тиімді, сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталғанын, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен күрес жүргізудің бірден бір шарты – ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті.

Қамқоршылық кеңес құрамы колледжде жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан-жақты танысты, жұмысшы тобының жұмысын қанағаттанарлық деп тапты.

Қаулы :


1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстары жүйелі әрі үздіксіз жүргізілсін. Орындалуы колледждің комплаенс-офицері Т.Р.Пазыловқа жүктелсін.
2. Осы жиналыстың барысы туралы мәлімет колледждің сайтына және әлеуметтік желідегі парақшаларына жариялансын.

Төраға:



Т.Р.Пазылов

Хатшы:



А.С.Байжанова